

«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Хаттама № 2

Қосбөлтек ауылы

24.10.2025ж.

Ата-аналарға арналған консультациялық пункт бойынша жүргізілген іс шара барысында «Ата-анамен балабақша ынтымақтастығы» тақырыбында тәрбиешілер Б.Баймаганбетова мен С.Рапилбекованың ұйымдастыруымен ата-аналармен ынтықастық жайында ойындар, әңгімелер жүргізілді.

Ондағы мақсаты: балабақша мен ата-ана арасындағы байланысты нығайту.

Ата-аналармен «Сұрақ-жауап» ойыны жүргізіле отырып, ата-аналарға консультациялық пункт жайлы сұрақтар қойылып, ата-ана отбасында тәрбиеленіп жатқан баланы балабақша тынысымен таныстыру, баланы бақшаға бейімдеу екенін атап өтті.

Ата-аналардан балабақша мен ата-ана арасындағы байланысты қалай түсінесіздер деген сауалға ата-ана Л.Маратқызы мектепке дейінгі ұйымдарда яғни балабақшаларда әрине алдымен ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету, балаларды тәрбиелеу мен оқытуға тарту, ата-аналармен тығыз байланыста болу деп ойлаймын. Әрине бала отбасында тәрбиеленіп жатқанда педагогикалық жұмыстар арқылы жұмысты жандандыру қажеттігін тәрбиеші С.Рапилбекова атап өтті.

Ата-ана А.Кумирзаева өз сөзінде баланы көбінде жаз айларында балабақшадағы түрлі ұйымдастырылған іс-шараларға қатыстыру, басқа балалармен қарым-қатынаста болу және ата-ана балабақшамен тығыз байланыста болу керек.

Тәрбиеші Б.Баймаганбетова бұл бүгінгі біздің ата-анамен балабақша ынтымақтастығы әрине бұл отбасына әдістемелік көмек көрсету барысында МКП-дің мамандары яғни педагогтер, медбике тарапынан қосымша ақпарат алу мақсатында балалармен әңгімелесу, балаларды бақылауға алу болып отыр. Айта кететіні ата-ана балабақша мамандарымен кері байланыс жүргізту қажет. Яғни ата-ана тарапынан қандай да бір қызметке жүгіну барысында, мамандар тарапынан ата-аналардың пікірін ұсыныстарын орындау екенін атап өтті.

Бүгінгі отырыс ата-аналарға жағымды жағынан әсер етті деп ойлаймыз.

Хатшы:  Мақсымханова Ф.



«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Хаттама № 3-----

Қосбөлтек ауылы

31.10.2025ж.

Ата-аналарға арналған консультациялық пункт бойынша жүргізілген іс шара барысында «Мен өзім» 2 жастағы балалардың дағдарыстық ерекшеліктері мен дағдарыстық жағдайларды шешу жолдары» тақырыбында әдіскер С.Жуманалинаның ұйымдастыруымен дөңгелек үстел жүргізілді. Ондағы мақсаты: балабақша мен ата-ананың, балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру.

2 жастағы балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, сол кезеңде өмірлік дағдыларды қалыптастырып дамыту үшін жүргізілетін жұмыстардың тізбегі мен мазмұны мына төмендегідей анықталып, нақтыланды, атап айтатын болсам, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мақсатында, дербес әрекет ету мен оған жетуге ұмтылу дағдысын қалыптастыру, өзара қарым-қатынас жасай білу дағдысын қалыптастыру, өз сезімдерін немесе эмоциялық қарым-қатынастарын жеткізу дағдысын қалыптастыру осы аталған дағдыларды қалыптастырудың әдістемелік шарттарды осы кезеңде қалыптасауға тиісті өмірлік дағдылар тізбесінің мазмұнын іске асыруға бағытталған.

Сондықтан да баланың табиғи болмысына құрметпен қарап, оны тұрған болған қалпында қабылдау керек.

Осы ретте сұрақ-жауап ретінде ойын ұйымдастырайық.

Баланың отбасында емін-еркін басқа балалармен қарым-қатынас жасауда өз тарапынан қандай ықпал жасайсыздар.

Осы ретте ата-ана Ж.Турумова өз отбасында баланың басқа баламен қарым-қатынас жасауда, баланың жан дүниесіне үңіле білу керек деп ойлаймын, олардың күнделікті өмірдегі дағдыларын қалыптастыру қажет деп ойлаймын.

Ата-ана Л.Иманкулова егер бала отбасында өзінің ата-анасымен, аға бауырларымен қарым-қатынасы жақсы болуда алдымен ата-ана баланың тәрбиесіне, оның қажеттілігін ескере отыруымыз қажет деп атап өтті.

Бүгінгі отырысымызды қорыта келе, ана мен баланы балабақша ұжымымен бірлесіп жұмыс атқара білейік деп С.Жуманалина атап өтті.

Хатшы:  Рапилбекова С.

